



ОЙТАЛҚЫ

МЕКТЕП БІТІРУ КЕШІНІҢ БҮГІНГІ КЕЛБЕТІ

МАМЫР АЙЫ БАСТАЛЫП, ӘНЕ-МІНЕ ДЕГЕНШЕ БАРЛЫҚ МЕКТЕПТЕ СОҒЫ ҚОҢЫРАУ ҮНІ ЕСТІЛЕДІ. МЕКТЕП БІТІРІП, ҮЛКЕН ӨМІРГЕ ҚАДАМ БАСАТЫН ТҮЛЕКТЕР АЛДА КЕЛЕ ЖАТҚАН ҮЛКЕН ЕМТИХАНДЫ ОЙЛАУДЫҢ ОРНЫНА, МЕКТЕП БІТІРУ КЕШІН ҚАЛАЙ ДҮРКІРЕТІП ТОЙЛАУДЫ ОЙЛАЙДЫ.

ҚАНДАЙ?

Қазіргі таңда түлектер мектеп бітіру кешіне дайындықты айлар бұрын бастайды. Әсіресе, қыз балалар арасында сәнді көйлек таңдау, сұлулық салондарына жазылу, ерекше образ жасау үлкен үрдіске айналған. Ұл балалар да шет қалмай, қымбат костюмдерге, сәнді аяқ киімдерге мән береді. Бұған қоса, кәсіби фотографтар мен видеографтар жалдау, лимузин немесе өзге де қымбат көліктерді жалға алу, мейрамхана брондау, жүргізуші шақыру сияқты шығындар қосылады. Кейбір мектептерде тіпті кешті ұйымдастыру үшін арнайы агенттіктердің қызметіне жүгіну үрдісі қалыптасқан.

Сырт көзге мұның бәрі әдемі, әсерлі көрінгенімен, оның ар жағында ата-аналарға түсетін ауыр қаржылық жүктеме жатыр. Бүгінде бір түлектің мектеп бітіру кешіне жұмсалатын шығыны бірнеше жүз мың теңгеге дейін жетіп отыр. Орташа табысы бар немесе көпбалалы отбасылар үшін бұл оңай көтерілетін салмақ емес.



Кейбір ата-аналар баласының қатарынан қалмауы үшін несие алуға немесе қарызға бағуға мәжбүр.

Бұл жағдай тек экономикалық емес, әлеуметтік мәселені де туындатып отыр. Бір сыныптың өзінде оқушылардың материалдық жағдайы әртүрлі. Бірі қымбат көйлек киіп, сәнді көлікпен келсе, енді бірі қарапайым мүмкіндігімен шектеледі. Мұндай айырмашылық жасөспірімдердің психологиясына әсер етпей қоймайды. Кейбір оқушылар өздерін ыңғайсыз сезініп, ішкі қысымға ұшырауы мүмкін. Ал бұл – мектеп бітіру кешінің шынайы мақсатына мүлде қайшы.

Негізінде, мектеп бітіру кешінің басты мәні – сән көрсету емес. Бұл – ұстаздарға алғыс айту, сыныптастармен қоштасу, бірге өткізген жылдарды еске алып, жылы естеліктермен бөлісу. Осындай шынайы сезімдерге толы қарапайым кештің өзі әр түлек үшін ең қымбат естелік болып қала беретіні анық.

Соңғы уақытта кейбір білім беру ұйымдары осы мәселені ескеріп, артық шығынды азайтуға бағытталған бастамаларды қолға ала бастады. Мәселен, кешті мектеп қабырғасында немесе қарапайым форматта өткізу, бірыңғай дресс-код енгізу,

қымбат мейрамханалардан бас тарту сияқты ұсыныстар айтылуда. Мектеп бітіру кешіне, мейрамханаға кеткен шығынды балалар үйіне немесе әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға қайырымдылық қолын созып, көпшілікке үлгі болып жүрген мектеп оқушыларын да кездестіріп жүрміз. Мұндай қадамдар ата-аналарға түсетін салмақты жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың назарын кештің шынайы мазмұнына аударуға мүмкіндік береді.

Ұстаздар мен ата-аналардың да бұл мәселедегі жауапкершілігі зор. Олар жастарға өмірдің шынайы құндылықтарын түсіндіріп, бір күндік данғазға емес, ұзақ жылдарға жететін естеліктің маңызын ұғындыруы қажет. Баланың қуанышы қымбат киіммен немесе сәнді кешпен өлшенбейтінін түсіндіру – бүгінгі тәрбиенің маңызды бағыты.

Қоғам болып ойланатын уақыт келді. Мектеп бітіру кеші бұл жай ғана мереке емес, ол – тәрбиелік мәні бар маңызды оқиға. Егер біз оны сән жарысына айналдырасақ, оның түпкі мазмұнын жоғалтып алуымыз мүмкін.

Қорытындылай келе, «сән қуамыз ба, әлде мән іздейміз бе?» деген сұрақ әрқайсымыздың алдымызда тұр. Таңдау – өз қолымызда. Ең бастысы, мектеп бітіру кеші әр түлек үшін жүрекке жылу сыйлайтын, шынайы естелікке айналуы тиіс. Себебі өмірде ең қымбат нәрсе – көрсетілген сән емес, сезілген мән.

Дина ӨТЕПБЕРГЕНОВА

ҚАУІПСІЗДІК

Балалардың терезеден құлауының алдын алу – әр ата-ананың міндеті

БАЛАЛАРДЫҢ ТЕРЕЗЕДЕН ҚҰЛАУЫ – ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ ЕҢ АУЫР ТҮРЛЕРІНІҢ БІРІ. ӘСІРЕСЕ КӨКТЕМ-ЖАЗ МЕЗГІЛІНДЕ ТЕРЕЗЕЛЕР ЖИІ АШЫЛЫП, ҚАУІП ДЕҢГЕЙІ КҮРТ АРТАДЫ. КӨП ЖАҒДАЙДА МҰНДАЙ ОҚИҒАЛАР АТА-АНАНЫҢ БІР СӘТТІК БАҚЫЛАУЫНСЫЗ ҚАЛДЫРУЫНАН ОРЫН АЛАДЫ. БІР ҒАНА АБАЙСЫЗДЫҚ ОРНЫ ТОЛМАС ҚАЙҒЫҒА ӘКЕЛУІ МҰМКІН.



Дауысқа елендеп, терезеге қарай барады. Осыған орай, құрметті ата-аналар, сіздерге бірнеше ұсыныс айтқым келеді. Біріншіден, баланың терезеден құлап кетуіне жол бермеу үшін оларды қараусыз, жалғыз қалдыруға мүлдем болмайды. Екіншіден жиһаздарды бала терезеге өздігінен көтеріліп шыға алмайтындай етіп орналастыруға болмайды. Үшіншіден, ма-садан қорғайтын тор баланы тезеден құлап кетуден сақтай алмайтынын есте сақтау керек. Сонымен қатар балаларға терезе алдында ойнауға болмайтынын жиі айту керек. Балалардың абайсыздығынан болған оқиғаға ата-анасының қарауынсыз қалған балалар ұшырайды. Сіз балаңыздың жанында болғаныңызбен бірнеше секундқа бір нәрсеге алаңдап шығып кеткенде, балаңыз өз өмірімен қош айтысуы мүмкін.

Айдос БЕРДІМҰРАТҰЛЫ,
аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Нәліктен бұл жағдай жиі болады? Кішкентай балалар табиғатынан өте сергек әрі қызығушылыққа бейім. Терезеден сыртқа қарау, дыбысқа немесе қозғалысқа еліктеу – олардың қалыптасқан мінезі. Бірақ:

- Бала терезе алдына жиһазды пайдаланып шығып кетуі мүмкін
- Москит торын тірек деп ойлап, сүйеніп кетеді
- Үлкендердің қарауынсыз қалған сәтте қауіп туындайды

Ең қауіптісі – москит торы баланы ұстап тұра алмайды. Ол тек жәндіктерден қорғайды, ал баланың салмағына төтеп бере алмайды.

Баланың қауіпсіздігі – ең алдымен ата-ананың жауапкершілігі. Қарапайым ережелерді сақтау арқылы көптеген қайғылы жағдайлардың алдын алуға болады.

Терезелерге арнайы бекіткіштер (құлып, шектеуіш) орнатыңыз. Терезе алдына жиһаз қоймаған жөн, баланы ешқашан жалғыз қалдырмау керек. Сондай-ақ москит торына сенбеніз. Балаларға терезенің қауіпті екенін түсіндіріп отыру артық етпейді.

Балалардың терезеден құлауының басты себебі оларды ашық терезеде алдында қараусыз қалдыру. Өкінішке қарай, үйде ешкімнің қадағалауынсыз қалған бала аулада ойнап жүрген балалардың даусын естиді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қайнар-ЛТД» ЖШС Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысының, Мұнайлы ауданында, «Тоқмақ» кен орнында құм-кирпіштік тас қоспасын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына «Қоршаған ортаға әсерді қорғау» бөлімімен қоғамдық тыңдау өткізеді.

Әсер ету аумағы: «Тоқмақ» кен орны Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданының жерлерінде әкімшілік тұрғыда орналасқан және Баянды жақын елді мекенінен оңтүстік-батысқа қарай 17 шақырым қашықтықта орналасқан.

Кен орны орталығының географиялық координаттары
1. 43°56'56.81"СЕ 51°24'17.68"ШБ

Қоғамдық тыңдаулар: 12.06.2026 ж. жергілікті уақыт бойынша сағат 15:00-де, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды а., мәдениет үйінде өтеді. (конференция уақыты 1 сағат)

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM интернет-платформасында (<https://zoom.us>) онлайн режимінде өткізіледі.

Конференцияға қосылу Zoom <https://us04web.zoom.us/j/72184572399?pwd=64px0A7694fgvyZBc0AYGi4na4Sa4u.1>

Конференция идентификаторы: 721 8457 2399.

Киру коды: XSU0aY.

Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: «Қайнар-ЛТД» ЖШС, БСН: 981140000454, тел. +8 (7292) 44-50-10, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12-ші/а, №74 ғимарат, 406-қаб.

Жоба әзірлеушісінің мәліметтері мен байланыс деректері: «ЭКО Проектс» ЖШС, БСН 1410400 23257. Ақтау қ., 17 шағын аудан, № 7 үй, 308 пәтер, эл.пошта: tokshayev@mail.ru, тел. +7 778 462 6660.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сайттан танысуға болады <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган: Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, электрондық пошта s.bazarbay@mangystau.gov.kz, телефон 8 (7292) 46-21-31/1066. Сайт – <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/Contacts?lang=ru>.

Қосымша ақпарат пен құжаттардың көшірмелерін электрондық пошта арқылы алуға болады tokshayev@mail.ru және телефон +7 778 462 6660.

Ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйеде жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, email – s.bazarbay@mangystau.gov.kz, телефон 8 (7292) 46-21-31 / 1066.

ТОО «Қайнар-ЛТД» проводит общественные слушания к Плану горных работ на добычу песчано-гравийной смеси на месторождении «Тоқмақ» в Мунайлинском районе Мангистауской области Республики Казахстан с разделом «Охрана окружающей среды».

Территория воздействия: Месторождение «Тоқмақ» расположено в административном отношении на землях Мунайлинского района Мангистауской области и удалено от ближайшего населенного пункта с.Баянды на расстояние 17 км на юго-запад.

Географические координаты центра месторождения:

1. 43°56'56.81"СШ 51°24'17.68"ВД

Дата, время и адрес проведения общественных слушания: 12.06.2026 г. в 15:00 часов местному времени, по адресу: Мангистауская область, Мунайлинский район., с.Баянды, Дом культуры (время конференций 1 час)

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн режиме на интернет-платформе ZOOM. Подключиться к конференции Zoom <https://us04web.zoom.us/j/72184572399?pwd=64px0A7694fgvyZBc0AYGi4na4Sa4u.1>

Идентификатор конференции: 721 8457 2399.

Код доступа: XSU0aY.

Реквизиты и контактные данные инициатора: ТОО «Қайнар-ЛТД», БИН 981140000454, тел. +8 (7292) 44-50-10, Республика Казахстан, Мангистауская область, г.Ақтау, 12 микрорайон, здание № 74, каб. 406.

Наименование и контактные данные разработчика документации:

Реквизиты и контактные данные разработчика: ТОО «ЭКО Проектс», БИН 141040023257. г.Ақтау, 17 микрорайон, дом № 7, кв. 308, эл. почта: tokshayev@mail.ru, тел. +7 778 462 6660.

Ознакомиться с материалами, выносимыми на общественные слушания можно на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. Государственный орган по проведению экспертизы: управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области, электронная почта s.bazarbay@mangystau.gov.kz, телефон 8 (7292) 46-21-31/1066. Сайт – <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/Contacts?lang=ru>.

Дополнительную информацию и копии документов можно получить по электронной почте tokshayev@mail.ru и телефону +7 778 462 6660.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме в Информационной системе <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> и Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области, email – s.bazarbay@mangystau.gov.kz, телефон 8 (7292) 46-21-31/1066.

Меншік иесі: **МАҢҒЫСТАУ MEDIA ЖШС**
Директор – **Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ**
Қабылдау бөлімі, тел.факс: 20-48-34 mangystau.media@mail.ru

МҰНАЙЛЫ
аудандық қоғамдық-саяси газет
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13358-Г күәлігі берілген.
Редактор – **Мұрат ЖТЕКБАЙ.**
Тілшілер: **Ту-Бегі АБЫЛАЙ,**
Дина ӨТЕПБЕРГЕНОВА.

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС ақпарат және дизайн орталығында беттелді.
Жетекші – **Гүлнара ТАСБОЛАТОВА.**
Беттеуші дизайнер: **Ш.Текізбай.**
«Neon City» ЖШС баспаханасында басылды. Баспахана басшысы **Александр Ложнов** Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 38/3. Телефон: +7 777 012 2238

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.
Тапсырыс: 23
Таралымы: 706. Индекс: 66553.
Газеттің бағасы келісімді.

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ
5 мамыр түнде: +10 күндіз: +14
6 мамыр түнде: +10 күндіз: +15
7 мамыр түнде: +11 күндіз: +17
8 мамыр түнде: +13 күндіз: +17
9 мамыр түнде: +13 күндіз: +20

